

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, философия кафедрасының докторантты Шамахай Сайраның «6D020100 - Философия» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Құпия шежіре: мәдени-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертация жұмысына отандық ғылыми көнеспешінің берген

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. КР Президентінің «Болашакка бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасында «ұлттық мәдениетті жетілдіру», «ұлттық кодты сактау», «ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу» міндеттері койылғаны белгілі. Халқымыздың рухани құндылықтарын, озық дастурін, озық ұлгілерін анықтау мәселесі бүтінгі рухани жаңғыру жолындағы Казакстан үшін аса өзекті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, «Құпия шежіре: мәдени-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы рухани мәдениетіміздің қайнар көзін, ерекшеліктерін іздеу жолында манызы зор. Өйткені, бұл шежіреде казак рулатының XIII ғасырдағы тарихы, әлеуметтік жағдайы, мекен-жайы, рухани құндылықтары туралы нақты мағлұмат беретін фактілер бар. Яғни, казақ халқының қурамындағы керей, найман, қоңырат, меркіт, жалайыр секілді бір заманда жеке ел санатында өмір кешіп келген рулар мен бірлестіктердің XIII ғасырдағы мәдениеті, рухани танымына, Шыңғыс ханның елді біріктіре алған идеологиясына катысты көптеген нақты білім бере алады. Олай болса, диссертант Шамахай Сайра бұл диссертациялық зерттеу жұмысында қазақстандық философия ғылымы үшін өзекті мәселелерді іздеуге талпыныс жасаған.

Диссиденттың колданған әдістемесі. Диссидент С.Шамахай диссертациялық тақырыптың максаты мен міндеттеріне жету үшін шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, шежіредегі танымдық бастаулар және оның сабактастығына аналитикалық талдау жасаған. Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін келесі әдістемелік принциптерді: компаративистік, феноменологиялық, семиотикалық, жүйелілік, пәнаралық, герменевтикалық әдістемелерді колданған.

Диссиденттың қоргауга ұсынған тұжырымдары. С.Шамахай «Құпия шежіреле» мәдени-философиялық талдау жасай отырып келесі тұжырымдарға келді:

1. Ұлы Дағы мәдениетін зерттеуші әлемдік және отандық теоретик, зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарына сүйене отырып, «Құпия шежіре» руханилығы өз бастауын VI ғасыр түркілер мәдениетінен алғаны, XII-XIII ғасыр мәдени құбылысын сипаттаумен қатар, ортағасырлық ғұлама, ғалым, шежірешілердің әйгілі туындыларына ықпалын тигізгені, Шыңғыс хан және оның алып империясы туралы білім ғасырдан-ғасырга жалғасуына бастапқы себеп болғаны, генеологиялық сапаның мәдени үрдіс ретінде сабактастығын

аныктады. «Құпия шежіредегі» мәдени құбылыс Орта Азия түркі халықтарының рухани ахуалымен біртұтас екендігін дәлелдеді.

2. Шежірені зерттеудегі тұжырымдар мен әдістемелер негізінде XIII ғасырдан бері жеті ғасырлық уақыт аралығында «Құпия шежіре» туралы дискурстың туындау себептері, мәдени-философиялық талдау негіздерін аныктады. «Құпия шежіре» – монгол империясының құрамына енген түркі тайпаларының мәдени-тариҳи жадын жаңғыртатын, рухани құндылықтардың маңыздылығын арттыратын, көшпендердің танымын жаңа қырынан ашатын, ел бірлігін дәріппе, бірегейлікті қалыптастыратын және әлі де болса жан-жакты терең зерттеуді кажет ететін рухани мұра» - деген анықтама берді.

3. Әлемдік рухани мәдениет кеңістігіндегі мифті зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып «Құпия шежіредегі» мифологиялық түсініктерге, мифтік сюжеттерге, символ, белгілерге салыстырмалы талдау жасады. «Құпия шежіредегі» мифологиялық, архетиптік түсініктер: тотемдік (бөрі, Ақ Сұнкар, Дұва Соқыр, сары ит, сиыр, Эрхий Мерген) және космогониялық (нұр, тас, от) архетиптерге талдау жасады. Шежіредегі кейбір ұғымдардың тарихи-мәдени санамен рәмізделгендігі, кейбір кейіпкерлердің Түркі қаганаты кезіндегі тұлғалармен сәйкесуі шежіре сабактастығының негұрлым шынайылығынан хабар беретінін дәлелдеген.

4. «Құпия шежіредегі» XII-XIII ғасыр көшпендерінің нағым-сенімдеріне мәдени-философиялық талдау жасаған. Көшпендер тарихындағы Түркі мемлекеті кезінен кольданыла бастаған «мәңгі» сезінің, «мәңгілік» идеясының Шыңғыс хан заманында өз сабактастығын тауып, Тәнір сезіне қосакта айтыла бастағанын, яғни, «Мәңгі Тәнір» аталуы, шежіредегі «Жерде бір ғана қаган болу керек» немесе “Мәңгі Аспан құдіретімен, Қаган шапағатымен” деген сез тіркесінен “Көкте – Тәнірі, Жерде – Қаган” тұжырымдамасын аныктап, бұл тұжырымдаманын – қазіргі мәдени жаһандану үрдісінің алғашқы идеясы екенін дәлелдеген. Шыңғыс хан өзінің «Мәңгі Тәнір» атауына терең діни-философиялық мағына енгізді және бұл түсінікті ұғым тұғырына жеткізіп, діни конфликт мәселесін ұтымды шешіп, діни толеранттықтың негізін қалағанын аныктады.

5. «Құпия шежіредегі» этикалық құндылықтарды шежіре мәтінінде кездесетін ақыл-кенес беру, ұлті-өнеге көрсету, түсіндіру, салыстыру, құлак-қагыс ету, мадактау, ақыл айтту, талап қою, сын айтту, бата беру, өзіл айтту, мысал келтіру, астарлап айтту, жұмбақтап айтту сияқты тәсілдері бойынша анықтаған. Шежіреде XIII ғасырда рухани құндылықтардың қалыптасқан жүйесі болғандығын шежіре сюжеттері бойынша талданған бірлік, адалдық, әлілдік, батырлық, ар-ұят, намыс сынды құндылықтар арқылы дәлелдеген.

6. «Құпия шежіредедегі» XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі, ырым, тыымдарына талдау жасау арқылы бұл дәстүрлерлердің Түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті негізінде дамып, когамның рухани өмірінде маңызды орын алғанын дәлелдеген. Шежіреде дәстүрлі құндылықтар мен құқықтық қагидалардың өзара үйлесіп, бірыңғай тәртіптің орнықканын және елдік сананы және адамгершілікті заңмен қорғайтын құқықтық мәдениет қалыптасқанын анықтаған.

7. «Құпия шежіреде» оның негізгі кейіпкері Шыңғыс ханың тұлғалық касиеттерін талдау, оның әйгілі жетістіктері «адамның күні - адаммен» принципінен бастау алғандығы, адам заманың соңынан еріп отыратын пассивті дүние емес, керісінше адам сол заманды жасайтын белсенді күш екендігін анықтаған. «Шыңғыс ханды тұлға ретінде жете зерттеу – бір жағынан, ұлттық тарихты түгендеу, ел рухани көтеру болса, екінші жағынан, алем елдерінің тәжірибесі негізінде Шыңғыс ханды рухани әрі мәдени ресурс ретінде казак халқы тарапынан таныту болып табылады» - деп түйген.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыс жоғарғы кәсіби деңгейде, ғылыми тұрғыда зерттеліп, өзіндік сипатта ие болған жұмыс. Зерттеу нәтижелері «Құпия шежірені» Орталық Азиядағы мәдени және идеологиялық жана құбылыс ретінде мәдени-философиялық тұрғысынан әрі қарай зерттеуге, ұлттың рухани құндылықтарын түгендеуге үлесін қоса алады.

«Құпия шежіренін» мәдени-философиялық талдау нәтижелерін казактың өзін-өзі рухани тану тұрғысында оқылатын қазак философиясының тарихы, ұлттық психология, казак мәдениеті пәндері бойынша қолдануға болады.

Ғылыми жаңалығы. «Құпия шежіре» қазақстандық философиялық ғылыми зерттеу алдында зерттеліп отырган алғашқы тақырып.

1. «Құпия шежіре» руханилығының бастауы, сабактастығы анықталып, ортағасырлық шежірелерге ықпалы, генеологиялық сапаны сақтау мәдениеті және шежіредегі руханилықтың Орта Азия түркі халықтарының рухани ахуалымен біртұтас екендігін дәлелдеген.
2. «Құпия шежіренін» XIII ғасырдан бері зерттелу тарихы, түрлі дискурстың туындау себептері, мәдени-философиялық талдау негіздері анықталды.
3. «Құпия шежіредегі» мифологиялық, архетиптік түсініктер: тотемдік және космогониялық архетиптерге салыстырмалы талдау жасаған. Шежіредегі кейір ұғымдардың тарихи-мәдени санамен рәмізделгендей, кейір кейіпкерлердің Түркі каганаты кезіндегі тұлғалармен сәйкесіү шежіре сабактастығының негұрлым шынайылығынан хабар беретінін дәлелдеген.
4. Көшпендер тарихындағы Түркі мемлекеті кезінен қолданыла бастаған «мәңгі» сезінің, «мәңгілік» идеясының Шыңғыс хан заманында өз сабактастығын тауып, Тәнір сезіне қосақта айтыла бастағанын, яғни, «Мәңгі Тәнір» аталуы, және шежіреден “Көкте – Тәнірі, Жерде – Қаган” тұжырымдамасы анықталып, бұл тұжырымдаманың – қазіргі мәдени жаһандану үрдісінің алғашқы идеясы екендігін дәлелдеген. Шыңғыс хан өзінін «Мәңгі Тәнір» атауына терен діни-философиялық мағына енгізді және бұл түсінікті ұғым тұғырына жеткізіп, діни конфликт мәселесін ұтымды шешіп, діни толеранттықтың негізін қалағанын анықтаған.
5. «Құпия шежіредегі» этикалық құндылықтарды шежіре мәтінінде кездесетін сюжеттер бойынша анықтаған. Монгол империясының ұлы жетістіктері мен женістеріне асер еткен ең басты себеп – рухани құндылықтардың қалыптаскан жүйесі екендігі шежіредегі ұрпактар сабактастығы арқылы өснептеліп келген

бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс сынды құндылықтарды талдау аркылы дәлелдеген.

6. Шежіреде дәстүрлі құндылықтар мен құқықтық қағидалардың өзара үйлесіп, бірынгай тәртіптің орнықканы және елдік сананы және адамгершілікті занмен корғайтын құқықтық мәдениет қалыптасқанын анықтаган.

7. «Құпия шежіреде» оның негізгі кейіпкері Шыңғыс хандың тұлғалық қасиеттерін талдаған. «Шыңғыс ханды тұлға ретінде жете зерттеу – бір жағынан, ұлттық тарихты түгендеу, ел рухани көтеру болса, екінші жағынан, әлем елдерінің тәжірибесі негізінде Шыңғыс ханды рухани әрі мәдени ресурстардағы қалыптастырылатын жағынан, әмбебаптың әрі мәдениеттің тарихынан таныту болып табылады» - деп түйген.

Диссидентант «Құпия шежіре» – монгол империясының құрамына енген казак тайпаларының мәдени-тарихи жадын жаңғырттының, рухани құндылықтардың маңыздылығын арттырып, ел бірлігін дәріптеп, бірегейлікті қалыптастырыратын және алі де болса жан-жақты терең зерттеуді қажет ететін рухани мұра» - деп таныған.

Зерттеу нәтижелерінің апробациядан өткізуі. С.Шамахайдың диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері 16 ғылыми мақалада жарық көрді: соның ішінде, КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған арнайы пәндер бойынша диссертацияның негізгі корытындыларын жариялауға арналған арнайы журналдарда – 5; Халықаралық және респубикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында жарық көрген мақала – 4; монографияда – 2; шетел баспасымен жарық көрген мақала – 2; Форум жинағында жарық көрген мақала – 1; ScienceDirect базасына енген мақала – 1; Scopus базасына енген журналдағы мақала – 1.

Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми атактар беру ережесінің талаптарына сәйкестігі. Диссидентант С.Шамахай өз бетінше зерттеу міндеттерін шеше алатын философиялық, мәдениеттанулық, пәнаралық зерттеу әдістемесін колдана біletін, рухани мұраны зерттеу мәселесінде өз бағдары, ұстанымы бар ғылыми зерттеуші екенін көрсетті.

С.Шамахайдың «Құпия шежіре: мәдени-философиялық талдау» атты зерттеу жұмысы КР БФМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесі» талаптарына сәйкес орындалды. Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес Сайра Шамахайдың диссертациялық жұмысы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты деп есептеймін және коргауға ұсынылады.

Ғылыми жетекші:

КР YFA академигі, философия
ғылымдарының докторы, профессор

 Fariqolla Esim



